



# ТҮРПАТЖ- ҚАЗАЛЫ

№1  
(2380)

Дүйсенбі  
5 қаңтар  
2026 жыл

Газет  
2003 жылдың  
5 қаңтарынан  
шығады



Аймақтық  
ақпараттық-  
танымдық  
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

## ЖАҢА ЖЫЛ – ЖАҢА ҮМІТ, ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ

Қазалылықтар өткенін саралап, келер күннен үміт күтетін, әрбір жанға жаңа мүмкіндіктер мен зор сенім ұялататын Жаңа жыл мерекесін атап өтті.

Қазалы қаласы мен Әйтеке би кентінде арнайы ұйымдастырылған мерекелік шараларға аудан әкімі Алмасбек Есмаханов пен аудан әкімінің орынбасарлары, ауданнан сайланған облыстық және аудандық мәслихаттың депутаттары, зиялы қауым өкілдері арнайы барып, аудан халқын мерекемен құттықтады.

қатысып, тамашалады.

Мұнан соң аудан орталығы - Әйтеке би кентіндегі орталық алаңда ұйымдастырылған «Жаңа жыл – жаңа үміт, жарқын болашақ» атты мерекелік концерттің куәсі болды.

Мерекелік шарада аудан әкімі Алмасбек Әбілқасымұлы жыл басынан бері ауданда атқарылған игі жұмыстарды атап өтіп, жиылған жұртшылыққа мерекелік лебізін



жыл – қол жеткізген табыстарымызды ой елегінен өткізіп, алда тұрған межелі

2026 жылға қадам басамыз. Жылан жылы бағындырған белестеріміз жетерлік. Есепті жыл ішінде барлық экономикалық көрсеткіштер бойынша қарқынды даму қалыптасты. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының Сыр өңіріне айрықша қолдауымен, аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлының басшылығымен өңірде ел игілігіне бағытталған ауқымды жұмыстар атқарылып, барлық салаларға серпінді қадамдар жасалды. Ұлттық жобалар, мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде жаңа мектептер мен денсаулық сақтау нысандары, тұрғын үйлер пайдалануға берілді. Жолдар, көпірлер салынып, көлік инфрақұрылымын дамыту ерекше қарқын алды. Ауданда 300

орындық «Келешек мектебі», «Руханият» орталығы, жаңа прокуратура ғимараты, Қазалы мәдени-демалыс кешені, 42 төсектік кардиология және инсульт орталығы, «Майдакөл» аулында 100 орындық ауылдық клуб, 80 пәтерлі 40 тұрғын үй, жаңа нысандар пайдалануға берілді. Ақтан батыр аулы көгілдір отынға қосылып, «Шәкен», «Шилі», «Сарбұлақ», «Шитүбек» ауылдарына таза ауыз су жеткізілді. Мұның барлығы-халқымыздың ауыз біршілігінің, елге жанашыр азаматтардың еңбегімен жеткен жетістіктер. Жаңа жыл әрбір шаңыраққа құт-берекесімен, ырыс-несібесімен келсін! Жақсы өзгерістерге, қуанышты кездесулерге, бақытты сәттерге толы болсын. Еліміз аман, жұртымыз тыныш, Тәуелсіздігіміз тұғырлы болғай, - деді аудан әкімі.

Мерекелік кештің көркін қыздырған Аяз ата мен Ақша қар, ертегі әлемінің кейіпкерлері тұрғындарға ақ тілектерін арнады. Аудан өнерпаздарының ән-шашуы жиылғандарға мерекелік көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Думанды кеш, мерекелік отшашуға жалғасты.



Аудан әкімі бастаған қонақтар алдымен Қазалы қаласындағы орталық саябақта өткен салтанатты шараға

жеткізді. Қадірлі жерлестер! Баршаңызды Жаңа жыл мерекесімен құттықтаймын! Жаңа

міндеттерді саралауға бағытты айқындайтын кезең. Санаулы сағаттан соң жылды түйіндеп, жаңа

## ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ҚАУІПСІЗДІГІ БАСТЫ НАЗАРДА

Қазалы ауданында күн сайын аудан әкімі Алмасбек Есмахановтың тапсырмасына сәйкес жастар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу, санитарлық тазалық жұмыстарына байланысты түнгі рейд жұмыстары тұрақты түрде ұйымдастырылуда. Кезектілікке сәйкес ау-

дан әкімінің орынбасары Дәурен Тлеумбетов пен аудан прокурорының орынбасары Биқожа Жұмаш, аудандық полиция бөлімі қызметкерлерімен бірлескен рейдтік топ мүшелері: Әйтеке би кентіндегі ойын алаңдары, саябақ, ойынсауық орталықтары мен ком-

пьютер клубтарын аралады. Қоғамдық тәртіпті бақылау барысында кәмелеттік жасқа толмаған оқушыларға түсіндірме, ата-анасына ескертулер жасалды.

Қоғамдық тәртіпті бақылау мақсатындағы құрылған рейдтік топтар алдағы уақытта кезектілікпен

жастар арасындағы құқықбұзушылықтардың алдын алу, түнгі мезгілде белгіленбеген орындарға бей-берекет қоқыс тастаудың алдын алу бойынша жұмыстар жүргізе беретін болады.

**Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі**

## ТАЗАЛЫҒЫ МЕН ТӘРТІБІ ҮЛГІЛІ АУЫЛ

Басықара ауылдық округі – тарихы терең, берекелі тіршілігімен ерекшеленетін елді мекен. Бүгінде ауылдың әлеуметтік-экономикалық даму қарқыны артып, жол көлік инфрақұрылымы жаңарып, тазалық пен қоғамдық тәртіпке айрықша мән берілуде. Осы бағытта атқарылып жатқан жұмыстар мен алдағы жоспарлар туралы Басықара ауылдық округінің әкімі Мұрат Бекмамбетовпен сұхбаттасқан едік.

**–Алдымен, Басықара ауылының тарихы мен орналасуына тоқталып өтсеңіз?**

– Басықара ауылдық округі аудан орталығы Әйтеке би кентінен 23 шақырым қашықтықта орналасқан. Батыр әрі әулие Басықараның есімімен аталады. Басықара батыр ел қорғауда ерлігімен, әулиелігімен халық арасында аңызға айналған тарихи тұлға.

Ауыл 1934 жылы №3 ауылдық кеңес болып құрылған. 1949 жылы «Қарашеңгел» ауылдық кеңесіне құрамында болды. Ал, 1963 жылы Басықара ауылдық кеңесі қайта құрылып, дербес әкімшілік бірлік ретінде қалыптасты. Қазіргі таңда округ құрамына №98 разъезд қарайды.

**– Ауыл халқының саны мен әлеуметтік ахуалы жөнінде айтып өтсеңіз?**

– Қазіргі таңда округте 1139 адам бар. 229 отбасы тіркелген. Экономикалық белсенді халық саны 558 адам. 312 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Жұмыссыздар саны 21 адам. Жұмыспен қамту және кәсіпкерлікті дамыту бағытында нақты жұмыстар атқарылуда.

**– Кәсіпкерлік сала-**

**сына қандай қолдаулар көрсетілуде?**

– Мемлекеттік бағдарламалар аясында ауыл тұрғындарын кәсіпкерлікке тарту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. 2024 жылы округ бойынша көпбалалы отбасылы 6 азамат «Бизнес Бастау» жобасы бойынша оқып, сертификат алды. Нәтижесінде олардың 3-еуі 1476,8 мың теңге көлемінде қайтарымсыз грант иеленіп, өз кәсіптерін ашып, жұмысын бастап кетті. Бұл ауыл экономикасын дамытуға және жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік беріп отыр.

**– Инфрақұрылым және абаттандыру жұмыстары туралы айтып берсеңіз?**

– Ауылда 13 көше бар.



елді мекен толықтай көгілдір отынмен қамтамасыз етілген.

**– Ауылдағы тазалық пен көркейту мәселесіне қалай көңіл бөлінуде?**

– Тазалық – ауыл

дын алу, ұлттық тәрбие мен отансүйгіштікке баулу мақсатында мәдени-көпшілік іс-шаралар тұрақты ұйымдастырылады.

**– Әлеуметтік нысандардың жұмысы туралы не айтасыз?**

– Әлеуметтік нысандар тұрақты жұмыс істеп тұр. Атап айтқанда: 250 орындық орта мектеп, 50 орындық балабақша, 4 адамға арналған күндізгі емдеу бөлімі бар дәрігерлік амбулатория, 14046 кітап қоры бар кітапхана, ауылдық мәдениет үйі, «Басықара әулие» мешіті, ветеринариялық пункт, 5 сауда дүкені және пошта байланыс бөлімшесі халыққа қызмет көрсетуде.

**–Басықара аулы жастарының белсенділігі туралы не айта аласыз?**

– Ауылдың болашағы – жастар. Басықара жастары еңбекке, қоғамдық өмірге белсенді араласып келеді. Олар тазалық, абаттандыру, мәдени іс-шаралардан тыс қалмай, ауыл дамуына өз үлестерін қосуда.

Басықара – елге еңбегі сіңген ардагерлер мен еңбек адамдары шыққан ауыл. Осындай азаматтардың өмір жолы мен еңбегі бүгінгі жас ұрпаққа үлгі. Мемлекеттік бағдарламалар арқылы білім алып, кәсіп ашып, туған жерге қызмет етуді мақсат еткен жастар – аулымыздың басты мақтанышы.

**– Ауыл шаруашылығы саласының ахуалы қандай?**

–Басықара ауылдық округінде мал шаруашылығы жақсы дамыған. Қазіргі таңда округте 7433 бас уақ мал, 3463 бас сиыр, 1744 бас жылқы, 552 бас түйе тіркелген. Бұл ауыл экономикасының негізгі тірегі болып табылады.

**– Алдағы жоспарларыңыз бен бөліссеңіз?**

– Алдағы уақытта ауылды көркейту, тазалық пен тәртіпті нығайту, инфрақұрылымды дамыту, кәсіпкерлікті қолдау және тұрғындарды жұмыспен қамту бағытындағы жұмыстар жалғасын табады. Басты мақсат – Басықара аулын тұрғындарға жайлы, таза әрі қауіпсіз елді мекенге айналдыру.

Басықара – тарихы терең, бірлігі бекем, тазалығы мен тәртібі үйлесім тапқан ауыл. Жүйелі жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде ауылдың әлеуметтік-экономикалық әлеуеті артып, болашағы айқындала түсуде.

**Әңгімелескен  
Ұлпан ЖӘДІГЕРҚЫЗЫ,  
«Тұран-Қазалы»**



Қазіргі таңда Т.Мұсабаев көшесіне асфальт төсеу жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар, 12 көшеге түнгі жарық шамдары орнатылды. Бұл тұрғындардың қауіпсіздігі мен жайлы тұрмысын қамтамасыз етуге оң әсерін тигізіп отыр.

Ауыл ауыз су жүйесімен толық қамтылған, сервистік желіге қосылған. Сондай-ақ,

мәдениетінің басты

көрсеткіші. Бұл бағытта ауылда тұрақты түрде сенбіліктер ұйымдастырылып, көшелер мен қоғамдық орындар, әлеуметтік нысандардың айналасын тазартып отырмыз. Тұрмыстық қалдықтарды белгіленген орындарға шығару, қоршаған ортаны таза ұстау бойынша тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

Абаттандыру жұмыстары нәтижесінде ауыл көркі жылдан жылға жақсарып келеді. Бұл іске ауыл тұрғындары белсенді түрде атсалысуда.

**– Қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздік қалай қамтамасыз етілуде?**

– Қоғамдық тәртіп – басты назарда. Құқық қорғау органдарымен бірлесе отырып, құқықбұзушылықтың алдын алу бағытында түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Көшелердің жарықтандырылуы түнгі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге септігін тигізуде.

Сонымен қатар, жастар арасында тәртіп бұзушылықтың ал-



Ұлтымыздың өз ұрпағын ізгілікке, ізеттілікке, адамгершілікке, имандылыққа, ілтипаттылыққа тәрбиелеу саласындағы өзге халықтарда кездесе бермейтін даналық қасиеттеріне, дара да терең тұжырымға негізделген пәлсапалық түйіндеулеріне, кенен кемеңгерлігіне, таза талантына, ой өзықтығына ерекше тәнті боласың. Ұлттық тәрбие ұлттық рухтың негізі, дем беруші күш екендігін естен шығармасақ ғана ісіміз ілгерібасады. Білімімізбен бірлігіміз бабадан бізге жеткен, ғасырлар мен тағдырдың талқысымен өткен талай заманның сынында шыңдалған, еленіп-екшелген, жасығы жоғалып, асылы жеткен қазақы тәрбиемен қалыптаспаса, қатар дамымаса қанатсыз құстың күйін кешері күмәнсіз.

Ұлтымызда саналы тәрбиеге негізделген әдет-ғұрып, салт-дәстүр, ырымдар мен тиымдар аз емес. Олардың қай-қайсысы да адамды жаман қылықтан жырақтауға, жақсылық әдетке жақын жүруге, ардан аттамауға, абыройды еншілеуге, әдептілік, сыйластыққа, бір-бірін құрметтей білуге арналған. Астан аттамау, дайын тағамнан дәм тату, нанды жерге тастамау, күл-қоқысты баспау, табалдырықта тұрмау, есікке керілмеу, үйге қарай жүгірмеу, үлкеннің алдын кесіп өтпеу, сөзін бөлмеу, кісіге қарай қол шошайтпау, жағынды, бүйірінді таянбау, қолды төбеге қоймау, көптің көзінше керілмеу, кірдің суын жолға төкпеу, төлді теппеу, бата қабылдап, табақ жасап тарту тәртібі, қонақ болған жағдайда, жақын-жуықты, сыйлас досты, құда-жекжатты қайтарында үйден ұзағырақ шығарып салмау, тағы да толып жатқан ырым-тиымдардың мәні-мағынасы, тәлімі мол тәрбиеге келіп тіреледі.

Біз сөз еткелі отырған, жасы мен жолы үлкенге келіндер тарапынан иіліп сәлем салу дәстүрінің ұлттық тәрбиедегі алар орны, ғибраттық мәні мен маңызы, сыйластық мәдениетінің өзіндік өрнегі, өзгелерден оқ бойы өзықтығы мен тағылымдық қуатының ғажаптылығы халқымызбен бірге жасап келе жатқан әдептің асы-

лы. Келіндердің қайын ата мен қайын енеге, қайынаға мен қайныға, абысын мен ағайынның, туыс пен әулеттің үлкендеріне сәлем салуы оларға деген кіршіксіз құрметтің, ыстық ілтипаттың, шынайы сыйластықтың символы, көрегенділіктің көрінісі,

жоралғысы күнделікті көріп көзіміз қаныққан үйреншікті үрдіс болғанымен өзге ұлтты тамсандыратын тағылым.

Бұл үлкенге ізет, жолын сыйлайтын кішіге – құрмет. Кейде үлкендер сәлем салған келіндерге жақсы тілегімен батасын беріп жатады. Әр уақытта

айнымай тануға болады. Алысырақ ағайынның аты-жөндерінде әдемі юмордың астарлы жүруі де келіндердің өрелі ойының, өзілмен астасқан жарасымды қылығының түйіні.

Ел арасында қаптесер қайынаға (Тышқанбайды), зонмұрын, ауыл-

қандай жағдай туса да сен азайма айналайын тазалық»-деген шумағы естен кетпейді. Алтын-күміс тас екен, арпа – бидай ас екенді ойға түйіп өстік. Бір аштықтың, бір тоқтығы бар демекші, мамыражай мына егеменді елдің тәуелсіздігін көрдік. Бұған жеткен де арманда, жетпеген де арманда. Дастархан толы ас, асылық етпесін, той думан жетерлік. Қартын қадірлеп жатқан аға ұрпаққа сүйсінесің. Адам көбіне-көп отбасынан қартайды, мұңаяды. Бойыңда тауып айтар сөзің болмаса, құның төмендейді. Өз құныңды өзің кетіресің. Сыйлы боламын десең аталы сөзбен баталы сөзге бойыңды үйрет, адал тамақ іш, өзіңді күтіп ұста. Алланың берген ақыл парасатына, ғұмыр жасыңа бас ие біл, жақсымен ұрпағыңды жанастыр, жаманнан жирен жақсыларға ұқсап бағуға талпын. Таудай баққа талпынысыңмен жігеріңді ұмытпа, ұлыңды ұлықтының, қызыңды қылықтының үлгісімен жетілдір. Адамгершілік қасиетті қалыптастырған тұлға ғана маңайына нұр шапағын төге алады. Еңбектің нышаны адамның өн бойынан, болмыс бітімінен, ой-өрісінен, табиғи жаратылысынан өзгеше бекзаттық қасиеттерінен байқалатыны белгілі. Жаратылысынан жаны таза, кеудесі сара, ой өлшемі дара, рухы мықты азамат қана қимыл іс-әрекетке бара алады. Ата мен әжемнің айтқан ақылы "Арақ ішпе, темекі тартпа, өтірік айтпа, орыс қызға үйленбе, үлкеннің жолын кесіп өтпе, кішіпейіл бол, қолыңнан келгенше елге қызмет, жақсылық жаса, жақсылық қылсаң бүтін қыл және есеппен жақсылық жасама, онда ол жақсылық емес, сауда болып кетеді, кең бол, Алла Тағала адамның ниетіне береді» дейтін.

Сол тәрбие болар өмір бойы адал еңбек еттім. Ағаларын жағалап, паналап, жерлестерін сағалап, топ құрып, топтан озған жерім жоқ, неге жетсем де, Алланың жазуы мен талантымды ұштаған, табанды еңбегім арқылы бір межеге жеткендеймін.

**Жеткербай  
МАХАМБЕТ,  
«Тұран-Қазалы»  
газетінің штаттан  
тыс тілшісі**

## ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ



ізеттіліктің үлгісі, қазақы ілтипаттың қаймағы, бауырмалдықтың байрағы. Сәлемді салғанның да, алғанның да, мерейі асып, мейманасы тасып, көптің ортасында көңіл күйінің аспандап, құрметке жаны жадырап қалатыны, алғысын ақтарып жайып салатыны бар. Үлкен отаудың алтын босағасын оң аяқпен аттап, әруақтардың рухына бас иіп сәлем салудың, табалдырыққа тағзым етудің, шаңырақтың киесін қастерлеудің, өткеннің өшпейтін өнегесіне жүгінудің жолына жығылудың қазақтың ғана еншісіне бұйырған сыйластықтың өзге ұлттарда озық үлгісі жоқ. Ұлтымыздың ұлылығы мен кемеңгерлігін ұрпақтан-ұрпаққа жалғап келе жатқан жаныңызды жадыратар, ынтымаққа ұйытқы болар ұлық ұстамы, ақыл-ойдың, пайымды парасаттың құндылығы ғана жетпес байлығы.

Ибалылықтың қазақы үлгісі, сыйластықтың шыңы, жасы мен жолы үлкенге деген құрметтің, ақпейіл мен адал көңілдің, ыстық ілтипаттың мұнан өткен мәдениеті жоқ десек дауласатындар табыла қоймас. Жиын-тойдың дастарханында жеңгелерінің жасы кіші қайыналарының сарқыты бар табағын алу

келіндердің құрметінде елеп-ескеріп отырсақ, үлкендігіміздің бір үлгісі болмай ма?

Қазақы тәрбиенің қайран қалдырар енді бір түрі келіндердің қайын іні – қайынағалары мен қайынсіңлілерінің, абысындары мен қайынапаларының атын атамай, ізет сақтау үлгісі. Жолына жығылып, жасына қарамай жақын-жуықтың атын арсы-гүрсі, сарт еткізбей іш тартып тілдесудің, сыпайы амандасудың үлгісі де өзгеге өнеге. Қайыналары мен қайынсіңлілерін ардақ тұтып, әдемі ат қою арқылы жеңгелері туыстық пен жақындықтың жалауын желбіретеді, маңдайын елжіретеді. Сый-құрметін еншілейді. Жақындықтың арасына сызат түсірмеуден, туыстықтың тұғырын аласартпаудан туған тағылымды жол. Отағасының атын атамайтын кейуаналардың үйдің, шаңырақтың егесіне деген құрметін де ұрпаққа үлгі деп ұғынғанымыз жөн. Қайыны – қайынағаларға ат қою да келіндердің шеберлігіне шек келтіре алмайсың. Тапқырлықтың құдіретін сезінесің, ат қойылған ағайынның мінез-құлқына, іс-әрекетіне, табиғаты мен болмысына қатысты анықтауыш арқылы танылған аттан иесін

най, Тасқара, Райком қайынаға деген атаулары көптеп кездеседі.

Адамды әдептілікке, өзара сыйластық пен ынтымаққа, баянды бірлік пен берекелі тірлікке, құдайы қонағына дейін құрметтеуге, жылағанды жұбатуға, жесірін жырақтатпауға, жетімін жебеуге, дәмкесін демеуге, тірлігін көңілді етуге, қайғысын жеңілдетуге, туыстықтың, жақындықтың, ағайындықтың арақатынасына ақыл-ойдың жемісінен шыққан алтын көпірдей асыл ғұрыптарды енгізуге халқымыздың шоқтығы биік, тәлімі терең.

Ұлағатты сөз бар. Өнегеден өрбіген өсиет сөзін берік ұстанымына айналдырып алуы тегін болмаса керек. Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын демекші, адамгершіліктің туын жықпай келе жатқан азаматқа қандай мадақ айтса да жарасымды.

Дүние қусаң жеткізбейді, қолымда билік бар деп құнықсаң жардан құлайтының анық, барға қанағат бойыңды, ойыңды өсіреді, ұйқың шала болмайды. Еңбексіз табыс абырой әпермейді, орға жығады, көз топыраққа ғана толады. Бір ақын қыздың «адалдық жүр өз үлесін өзі алып, адалдықты, адамдықпен жазалық, қандай заман,

## ӘСЕМ ДЕСЕ, ӘСЕМ ЕДІ-АУ, КӨРШІМІЗ

Мен 1971 жылдан бері аудан орталығы Әйтеке би кентінің тұрғынымын. К. Маркс көшесінен (қазіргі М. Шоқай) №23 үйді сатып алдым. №21 үйдің тұрғыны Мұзарап есімді жоғары білімді теміржол қызметкерімен көрші болдым. Арамызда үй жоқ болғандықтан бірімізбен-біріміз араласып кеттік. Көп сөзге жоқ, ісіне тындырымды, көркем мінезді азаматпен көрші болғанымна балашағамызбен қуандық.

Мұзараптың келіншегі жоғары білімді кітапхана қызметкері болатын. Мен кітап оқуды жақсы көретіндіктен Әсем қарындасым «аға, кітапханаға барып жүре бермей-ақ, қой», деп кітаптарды әкеліп беріп тұрды. Көршілеріміз: Орысбай, Алтай, Құдабай, Кәрімге де кітаптарды әкеліп беріп жүрді.

Әсемнің жүріс-тұрысына, сөйлеу мәнеріне, жарасымды киімдер киіп жүретініне, мәдениетті мінезіне, қандай адаммен болса да тез тіл табысып кететініне сүйсінетінбіз.

Аққұбаша келген етжеңді, бойшаң Әсеммен сөйлескенде оның мысы басып тұратын. Ол отырған жерде бөгде пайдасы жоқ әңгімелер айтыла бермейтін. Сөйлеу мәнері де өзіне ерекше жарасымын тауып



тұратын-ды.

Кешкілік жұмыстан кейін көше бетте көршілер әңгіме-дүкен құратынбыз. Жұмыстан келе жатырған Әсемді көріп кейбіреулер: «Ой, Әсемді жареткен Мұзараптың да арманы бар ма екен?!» дейтін. Кең көшемен көлде жүзген аққудай сызылып басып келе жатырған сұлу жүзді, келбетті келіншекке тұсынан өткендер бір сұқтанбай қарамай кетпейтіні анық.

Әсем де, Мұзарап та өте

қонақжай болатын. Алтын асықтай Әскербек, Назерке, Ақзере есімді ұл-қыздары болды. Оларды жақсы оқытып, өсіріп, өнегелілікке тәрбиеледі. Оқу бітірген ұл-қыздарын қызметке орналастырып, үйлендіріп, өрістерін кеңейтіп, құда-құдағилар тауып, немере сүйді. Әсемнің тағы бір ерекшелігі — өзі қандай таза болса, үйін де, ауласын да таза ұстайтын-ды. Дәмді де сүйкімді тамақ дайындаудың шебері еді. Дастарханынан талай рет көрші болғандықтан дәм таттық.

Әсем анасына, бауырларына да қарайласып тұрды. Әкесі Әбілқасым бақилық болғанда Әсем 14 жаста екен. Ал, анасы Гүлжәмила 2011 жылы 78 жасында өмірден озды. Әсем олардың ең тұңғыш перзенті болатын. Анасын да өзі жайғарды. Іні-сіңілілерін өзі үйлендірді.

Негізі адам баласы дүниеге келгенде жақсы есім қойғаны жақсы-ау деген ойға келесің. Себебі, ата-анасы Әсем деген есімді қойған қыздың бет-әлпеті ғана емес, барлық іс-әрекеті әсем болып өтті-ау, дүниеден.

Балаларының қызмет жағдайына байланысты Мұзарап пен Әсем 2018 жылдың тамыз айында Аста-

на қаласына қоныс аударды. Көршілерімен қимай-қимай қоштасты.

Анда-санда ұялы телефон арқылы байланысып тұрдық. Ұлағатты ұстаз Сәуле есімді кейуана апайымыз Әсемді сағынып жүргенін жиі еске алып тұратын. Осы жылдың тамыз айының 19-шы жұлдызында Астанадан суық хабар жетті. Мен ол кезде Мекке-Мәдина шаһарында Умра қажылығында жүр едім. Балаларым хабарлады. Өңіміз бе, түсіміз бе деп қалдық.

Бірақ Алла ісіне не шара, әр намаздан кейін өмірден өткен ата-анама, әйелім Ақжығама және қимас бауырымдай болған Әсемге Құран сүрелері мен аяттарын оқумен жүрмін.

Иә, біздер Әсем бауырымыздың жарқын бейнесін ұмытпаймыз. Себебі, Әсемнің Қазалыда сайраған ізі жатыр.

Иә, Әсем десе, Әсем еді-ау, көршіміз.

**Беганыш ЖАҚСЫБАЙ,**  
**Қазақстан**  
**Республикасы**  
**Журналистер Одағының**  
**мүшесі,**

**Қазалы аудандық орталық**  
**«Жанқожа батыр» мешітінің**  
**баспасөз хатшысы**

## МАМАНДЫҒЫНАН БЕРЕКЕТ ТАПҚАН

Қасқырбек Мұратов 1951 жылы «Арықбалық» аулында қарапайым шаруа отбасында өмірге келген. Бала күнінен-ақ еңбектің кермек дәмін терең сезініп өсті. Орта мектепті бітіргеннен кейін отбасылық жағдайларына байланысты «Қазақстанның 40 жылдығы» атындағы совхоздың 2-ші фермасына - «Шәкен» елді мекеніне қоныс аударды. 1972 жылы Төленқызы Айнагүлмен тағдырын тоғыстырды. Олар малшы әкесінің киелі жолын жалғастыруды алдарына мақсат етіп қойды. Қасқырбек ферманың шопаны, жары Айнагүл көмекші шопан атанып, отарды қабылдап алды. Жастық жігер, әке тәрбиесімен берілген, қанмен қалыптасқан қиындықтан қаймықпайтын қайсарлығы тәуекелге бел буғызды.

Иә, малшының тірлігі оңай шаруа емес. Қыстың қытымыр аязында, шілденің шіліңгір ыстығында төрт түліктің соңында жүрудің бейнеті бес батпан. Мал бағу отардың басын көбейтіп, жемшөбінің жеткілікті болуын қадағалаумен шектелмейді. Шопан кәсібінің қыр-сырын жетік меңгермейінше, еңбегінің жемісін көре алмайды. Құмды аймақта мал бағудың да өзіндік қиындықтары бар. Табиғат жылдың әр мезгіліне сай тосын мінез көрсетіп отырады. Аптап ыстықта

шөп атаулы құрап, малдың өрісі ұзаяды. Су көздері алыстап, оған жету мұң болады. Ал, күз түскенде малдың күйін жоғалтып алмау керек. Қыстың ұзақ аязды күндерінде құмды өңірде боран жиі соғады, қытымыр қыстан малды аман сақтап қалу үшін қосымша жемшөп қорының маңыздылығы артады. Ал, қой қоздатудың қиындығы өз алдына бөлек әңгіме. Жыл он екі ай Шопан ата түлігінің соңында жүру, тәулікбойы малдың күйін күйттеу оңай шаруа емес. Малшылықты ыстыққа қақталып, суыққа суарылған, құм суырып, боран бет қаратпаған сынаққа төзе алатын бейнетқор жан ғана таңдай алады.

Осындай сынақты сәттердің бәрін Қасқырбек аға мен Айнагүл апа бастарынан өткізді. Қажырлы еңбегімен совхоздың өркендеуіне зор үлес қосты. Еңбегі бағаланып 1974 жылы партия қатарына қабылданды. Алматыдағы озаттар бас қосқан жиынға қатысып қайтты.

Қасқырбек Мұратов қарауындағы отардағы әр жүз саулықтан 160-170 аралығында қозы алып, өз ісіне адал екенін дәлелдеді. Облыс, ауданның Алғыс хаттарымен, «Еңбектегі ерлігі үшін» төсбелгісімен марапатталды. Жары, көмекші шопан Айнагүлдің де еңбектері де еленіп, алғыстар

алды.

Қасқырбек Мұратов жиырма жылға жуық шопан болып, Тәуелсіздік тұсындағы тоқырауда амалсыз шопан таяғын пошташы қызметіне ауыстырды. 2014 жылы жары Айнагүл Төленқызы екеуі зейнет демалысына шықты. Үш ұл, үш қыз өсіріп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, олардан немере, шөбере көрген жайсаң жандар үшін бір ғана өкініш-Қасқырбек ағаның жақында ғана ауыр науқастан кейін өмірден өтуі еді.

**Әлімжан ҚИЯС,**  
**Әйтеке би кенті**

● Көңіл айту

Қазалы ауданының әкімдігі, аудандық және ауданнан сайланған облыстық мәслихаттың депутаттары, аудандық қоғамдық кеңес және ардагерлер кеңесі Басықара ауылдық округінің әкімі Бекмамбетов Мұратбек Тоқтамұратұлының анасы

**БЕКМАМБЕТОВА АЙЗАДА**  
**СӘМЕТҚЫЗЫНЫҢ**

қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарының қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Марқұмның топырағы торқа, жаны жәннатта болсын!

Меншік иесі: «ТҮРАН-ҚАЗАЛЫ»  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**ДИРЕКТОР**  
**Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ**

**БАС РЕДАКТОР**  
**Раушанбек СЕЙТЕНОВ**

Газет Қазақстан  
Республикасының Ақпарат  
Министрлігінде 2004 жылғы  
15 наурызда тіркеліп, №4801-г  
күәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.  
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер - 2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11507 дана.